



МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ күнімен!

Қадірлі зауыт еңбеккерлері мен ардагерлері!

Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі құтты болсын! Бұл мереке – Қазақстан экономикасының басты тірегі саналатын саланы өз өмірімен байланыстырған барша азаматтарды біріктіретін ортақ қуаныш.

Биылғы мерекенің мәні біз үшін ерекше. Өйткені Атырау мұнай өңдеу зауытына – 80 жыл! Осы уақыт аралығында кәсіпорын өз миссиясына адалдық танытып, елді әлеуметтік маңызы зор мұнай өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіп келеді. Өңір мен ел экономикасына қосқан үлесі де қомақты. Бүгінде зауыт мемлекетіміздегі мұнай өңдеу саласының көшбасшысы атанып отыр.

Өткен 2024 жыл да біз үшін табысты болды. Ұжымның тынымсыз еңбегінің арқасында Энергетика министрлігінің өндірістік жоспары 100 пайыздан асыра орындалды. Бұл – кәсіби шеберліктің, жанқиярлықтың және бірліктің жемісі.

Алдағы жылдары да жаңа міндеттер күтіп тұр. 2029 жылға дейін өңделетін мұнай көлемін 6,1 млн тоннаға жеткізу, қайта өңдеу тереңдігін 92 пайызға, ал жеңіл мұнай өнімдерінің үлесін 82 пайызға дейін арттыру жоспарланған. Біз бұл межеге бірге қол жеткізетінімізге сенімдіміз.

Құрметті мұнай өңдеушілер! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амаңдық, жаңа кәсіби табыстар тілеймін. Зауыт әрқашан бізді біріктіріп тұрған сенімді тірек болып қала берсін.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі әріптестер!

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры

Қуаныш Бишімов

Уважаемые заводчане и ветераны труда!

Примите самые искренние поздравления с Днём работников нефтегазового комплекса! Этот праздник объединяет всех, кто связал свою жизнь с одной из ключевых отраслей экономики Казахстана, обеспечивающей развитие страны и благополучие её граждан.

В этом году для нашего коллектива дата особенно значима – АНПЗ отмечает 80-летие. Все эти годы завод остаётся верным своей миссии: обеспечивать страну социально важными нефтепродуктами, вносить весомый вклад в экономику региона и страны. И сегодня наш завод по праву является флагманом нефтепереработки.

Позади – насыщенные месяцы работы и прекрасное завершение 2024 года, мы выполнили производственную программу министерства энергетики более чем на 100%. Этот результат стал возможен благодаря вашему профессионализму, самоотдаче и сплочённости коллектива.

Впереди нас ждут новые задачи и амбициозные цели: увеличить объём переработки сырья до 6,1 млн тонн, глубину переработки до 92%, а выход светлых нефтепродуктов до 82% к 2029 году. Уверен, что вместе мы успешно справимся с этими планами.

Дорогие нефтепереработчики, желаю вам крепкого здоровья, счастья и благополучия вашим семьям, новых профессиональных успехов и уверенности в завтрашнем дне. Пусть наш завод и дальше остаётся надёжной опорой, объединяющей нас всех. С праздником вас, дорогие друзья!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»

Қуаныш Бишімов

Жеті айда 2,6 млн тонна
өнім шығарылды



Отчетная встреча
с коллективом

ЭКОЛОГИЯ

Меньше потерь – чище воздух

На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе продолжается программа по снижению технологических потерь и минимизации воздействия на окружающую среду. В рамках этой работы резервуары для хранения нефти и нефтепродуктов оснащаются понтонами – плавучими конструкциями, предотвращающими испарение углеводородов.

«На заводе эксплуатируется 75 резервуаров, которые подлежат оснащению понтонами. В 2018 году, в рамках строительства производства глубокой переработки нефти, понтоны были установлены на 51 резервуар для хранения автобензинов и нефтехимической продукции. В 2022 – 2023 годах понтонами оборудованы семь резервуаров, в августе этого года установили ещё два. Согласно экологической программе, до конца 2026 года планируется оснастить понтонами 11 резервуаров, оставшиеся четыре – на следующем этапе программы», – рассказал начальник производственного отдела Нариман Касанов.

Понтоны изготавливает по заказу АНПЗ нидерландская компания Maxwell Continental Tank Serv Engineering B.V. Алюминиевые конструкции легкие, устойчивы к коррозии и отличаются пожаробезопасностью.

Установка понтонов позволяет сократить выбросы углеводородов на 90% от каждого резервуара. Так, в том числе благодаря установке понтонов, в первом полугодии 2025 года объем выбросов загрязняющих веществ в окружающую среду составил 5 340 тонн, на 17 тонн меньше, чем годом ранее.

Проект подтверждает приверженность АНПЗ принципам экологической ответственности и улучшению состояния окружающей среды.



СПАРТАКИАДА КҮНДЕЛІГІ

Қос спорттық сайыста жарқырай көріндік

2025 жылдың 21-25 шілде күндері Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының компаниялар тобы арасында Спартакиаданың іріктеу кезеңі, ал тамыз айында «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының қызметкерлері арасында X Спартакиада болды. Жуырда Атырау мұнай өңдеу зауытында аталмыш қос ірі спорттық сайыста жеңімпаз атанған қызметкерлерді марапаттау рәсімі өтті.

Кәсіпорын намысын қорғаған спортшыларды құттықтаған «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Бас директоры, Басқарма төрағасы Қуаныш Бишімов пен өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары – бас инженер Нұрлан Ещанов Спартакиаданың ұжымның өзара корпоративтік мәдениетін арттырудағы маңызына тоқталды.

Іс-шара барысында «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ спартакиадасының аймақтық іріктеу кезеңінде I орын («Самұрық-Қазына» АҚ спартакиадасының ақтық кезеңінде III орын) иеленген киберспорт командасы; шахматтан II орын («Самұрық-Қазына») спартакиадасынан I орын) иеленген Гүлнұр Төлеуова, ерлер арасында волейболдан II орын иегерлерінің команда капитаны Данияр Черкешбаев, әйелдер арасында волейболдан II орын иегерлерінің команда капитаны Абдиева, ерлер арасында баскетболдан II орын иегерлерінің команда капитаны Қанат Мусин, шахматтан II орын иегері Тұрар



Шаймардан, «Самұрық-Қазына» АҚ спартакиадасының ақтық кезеңінде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ командасының атынан қатысып, әйелдер арасында волейболдан I орын иеленген Жанна Даутова мен Айнура Беркалиева және зауыттың құрама командасының капитаны Максим Успанов «АМӨЗ» ЖШС Бас директорының Алғыс хатымен марапатталды.

Қоса кетейік, ҚазМұнайГаз компаниялары тобының қызметкерлері арасындағы спартакиада Ақтау қаласында ұйымдастырылды. Оған ҚМГ-ның 30 еншілес және тәуелді ұйымдарынан 700-ден аса адам қатысты. Олар футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, садақ ату, шахмат, киберспорт, жүзу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, армрестлинг және асық ату сияқты спорт түрлерінен жарысқа түсті.

САПАР

Жеті айда 2,6 млн тонна өнім шығарылды



«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әсет Мағауов Атырау облысына жұмыс сапары аясында «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-қа (АМӨЗ) барып, кәсіпорынның өндірістік қызметі бойынша кеңес өткізді.

Жиын барысында зауыттың биылғы жеті айдың қорытындысы таныстырылды. Бұл кезең аралығында кәсіпорын 3,4 млн тонна шикізат өңдеп, 2,6 млн тоннадан астам жеңіл мұнай өнімдерін шығарды. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда негізгі өнім түрлерін өндіруде айтарлықтай өсім байқалады. Дизель отынын өндіру көлемі 160 мың тоннадан артып, 1,2 млн тоннадан асты. Автобензин өндірісі шамамен 117 мың тоннаға өсіп, 1 млн тоннадан жоғары болды. Сондай-ақ сұйытылған мұнай газын шығару көлемі 18 мың тоннаға көбейіп, 143 мың тоннаға жетті.

Зауыт басшылығы негізгі тиімділік көрсеткіштерінің жоспарлы мәннен асып түскенін айтты: мұнай өңдеу тереңдігі 88,6% жетті (жоспар – 85%), ал жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі рекордтық 77,4% құрады (жоспар – 71,8%).

2025 жылы өтетін жоспарлы алдын алу жұмыстарына дайындық барысына

ерекше назар аударылды. Дайындық шаралары қатаң түрде бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде, қажетті қосалқы бөлшектердің бір бөлігі зауытқа жеткізілді.

Ағымдағы жұмыстардан бөлек ҚМГ басшылығына зауыттың тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі жобаларды жүзеге асыру барысы туралы да ақпарат берілді. Сонымен қатар қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарының сақталуын автоматты бақылау бойынша пилоттық жобаның жүзеге асырылу мәселесі де талқыланды. Бұл бастама жасанды интеллектті қолдану арқылы өндірістік қауіпсіздіктің сақталуын нақты уақыт режимінде бақылауды көздейді.

АМӨЗ алдына өндірістік тиімділікті арттыруға, сондай-ақ барлық технологиялық қондырғылардың қауіпсіз әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыру міндеті қойылды.

Одан өзге 15 естелік брелок дайындалды.

Нәтижесінде балалардың үлесімен әзірленген ерекше тауарлар 1,2 млн теңге қаражат жинады. Барлық қаражат Топтың бірыңғай қайырымдылық операторы – Samruk-Kazyna Trust шотына аударылып, инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға жұмсалады.

Спартакиада қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 13 алтын медальмен «ҚазТрансОйл» АҚ көш бастады. 2 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль иеленген «Өзенмұнайгаз» АҚ 2-орынға тұрақтады. 1 алтын, 4 күміс, 1 қола медаль еншілеген «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС үздік үштікті қорытындылады. Бұл кезеңде зауытымыздан баскетбол, волейбол (ерлер және әйелдер), киберспорт, шахмат, тоғызқұмалақ және садақ ату спорт түрлері бойынша командалар қатысты.

Өз кезегінде «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы қызметкерлері арасындағы X Спартакиада тамыздың 8-10 аралығында өтті. Тартысты доданың қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 1-орынды «Қазақстан темір жолы» құрамасы, 2-орынды «ҚазМұнайГаз» спортшылары, 3-орынды QAZAQGAZ командасы жеңіп алды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген 1000-нан астам спорт сүйер жұмыскерлер қатысты. Олардың басым бөлігі – өндірістік қызметкерлер.

Спартакиада аясында «Мейірімділік мекені» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Онда инклюзия кабинеттерінде оқитын балалар салған суреттермен безендірілген свитшоттар, шопперлер және футболқалар сатылды. Одан өзге 15 естелік брелок дайындалды.

Нәтижесінде балалардың үлесімен әзірленген ерекше тауарлар 1,2 млн теңге қаражат жинады. Барлық қаражат Топтың бірыңғай қайырымдылық операторы – Samruk-Kazyna Trust шотына аударылып, инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға жұмсалады.

ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА С КОЛЛЕКТИВОМ



ПРОИЗВОДСТВО

За I полугодие 2025 года при плане МЭ РК 2 941 тыс. тонн фактически переработано 2 888 тыс. тонн сырья. План выполнен на 98,2%. Причиной невыполнения является недопоставка нефти со стороны давальцев. Глубина переработки сырья составила 88,7%, это на 3,9% выше плана, выход светлых нефтепродуктов – 77,3%, на 5,9% выше плана.

Социально значимые нефтепродукты

Автобензины – 923 тыс. т; дизтопливо – 997 тыс. т; авиатопливо – 95 тыс. т; сжиженный газ 124 тыс. т. План перевыполнен по всем показателям, кроме автобензинов. Причина невыполнения – работа завода на нефтехимическом варианте с 20.03 по 01.06.2025 гг., а также максимальное производство дизельного топлива, согласно требованиям рынка.

Показатель объема **потребляемого топлива и потерь нефтепродуктов** составил 11,1%, что на 0,6% ниже уровня прошлого года (11,7%). Снижение связано с эксплуатацией завода в нефтехимическом режиме более двух месяцев в 2025 году.

Отгрузка нефтепродуктов

За отчетный период план отгрузки нефтепродуктов выполнен на 95,7%. Незначительное отклонение связано с профицитом на рынке страны автомобильного бензина марки АИ-92 в декабре 2024 г. и январе 2025 года. Увеличена доля отгрузки светлых нефтепродуктов, в том числе социально значимого дизельного топлива за счет сокращения выработки темных – мазута и вакуумного газойля. Следует отметить, что отгрузка автобензинов марок АИ-95 и АИ-98 увеличена на 28 тыс. тонн по отношению к плановому значению, что частично уравнило снижение отгрузки АИ-92 и улучшило корзину выпускаемой продукции.

ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ И ОХРАНА ТРУДА

За отчетный период среди работников ТОО «АНПЗ» и подрядных организаций не было допущено производственного травматизма, профессиональных заболеваний и ДТП. Проведено 230 аудитов и выявлено 602 случая несоответствия требованиям БиОТ, к дисциплинарной ответственности привлечено 18 работников завода. В адрес подрядных организаций выписано штрафов в размере 2 300 МРП (на сумму 9 043 600 тг).

С 20 ноября 2020 г. до июля 2025 года Атырауский НПЗ достиг выдающегося показателя – 16 миллионов человеко-часов работы и более 1 700 дней без несчастных случаев с работниками завода.

ҚОРҒАУ – Near Miss

За 6 месяцев этого года работниками завода было заполнено 332 сигнальных карты. На производствах завода выявлен 321 факт небезопасных условий и 11 потенциально опасных ситуаций.

26 августа 2025 года в режиме онлайн прошла отчетная встреча генерального директора ТОО «АНПЗ» Куаныша БИШИМОВА с коллективом по итогам полугодовой работы предприятия. Представляем вашему вниманию краткие тезисы выступления первого руководителя завода.

ЭКОЛОГИЯ

За I полугодие **объемы выбросов загрязняющих веществ** в атмосферу составил 5 340 тонн, на 17 тонн меньше в сравнении с аналогичным периодом 2024 года; **объемы сбросов загрязняющих веществ со сточными водами** составили 3 129 тонн (на 18 тонн меньше, чем в 2024 г.). Уменьшение связано со снижением объема переработки нефти на 0,7%.

Потребление воды из реки Урал на 412 м³ меньше, чем за тот же период 2024 года. Это связано с сокращением потребления свежей воды технологическими установками и увеличением использования повторно используемой воды.

Образование отходов увеличилось на 8 574 тонны в сравнении с первым полугодием 2024 года, связано с проведением очистки резервуаров РВС-107, нефтеловушки РЕКС и извлечением нефтепродукта из аварийного амбара.

Tazalyq

Продолжается реализация проекта Tazalyq. Согласно протоколу совещания от 13.05.2025 г. по вопросу слива сточных вод завода, под председательством замкаима области К. Нуртаева, приняты решения: о рассмотрении передачи акиматом г. Атырау земельного участка площадью 500 гектаров для организации полей испарения в аренду ТОО «АНПЗ»; заводу – рассмотреть возможность проектирования и строительства необходимой инфраструктуры для полей испарения на указанном земельном участке за счет собственных средств, а также привести 500 га в соответствие с экологическими, санитарными и техническими требованиями и обеспечить организацию слива сточных вод. Администрация завода продолжает переговоры с акиматом области по приёму сточных вод на городские канализационно-очистные сооружения (КОС). Согласно позиции акимата области, вопрос приёма стоков будет рассмотрен после восстановления режима работы КОС, которое проводится специалистами АНПЗ. С июня 2025 года АНПЗ осуществляет очистку аэротенков КОС, работы завершатся в конце августа. С октября, по согласованию с акиматом области, планируется начало поэтапного сброса стоков в рамках ОПИ. Также АНПЗ прорабатывает альтернативные варианты завершения Проекта.

БЮДЖЕТ

За отчетный период **доходы АНПЗ** составили 153,6 млрд тенге, что ниже плана на 718 млн, или на 0,5%. Основная причина – снижение объема переработки нефти (тариф снижен с 54 450 тг/т до 47 000 тг/т с 1 мая этого года). **Расходы** за 6 месяцев составили 124 млрд тенге, что выше плана на 7 млрд, или на 6%. **Чистая прибыль** в первом полугодии составила 22 млрд тг, что ниже плановых значений на 7 млрд тг. **Капитальные вложения** составили 8,7 млрд тг, направлены на инвестпроекты (в т. ч. 8 проектов повышения эффективности АНПЗ, переход на 3-летний МРП) – 5,1 млрд тг; на проведение ремонтов и приобретение основных средств – 3,6 млрд тенге.

ОПЛАТА ТРУДА

Рост фонда оплаты труда за 6 месяцев года по сравнению с аналогичным периодом составил +7% за счет отклонений по численности; повышения тарифов/окладов с 01.04.2025 г. по итогам оценки результативности в среднем на 8% к уровню 2024 года. Повышение среднемесячной заработной платы на одного работника составило +6%, за счёт отклонений по фонду оплаты труда. В оценке результативности участвовали 2

293 работника (92% на 31.12.2024 г.). По её итогам повышение заработной платы составляло в среднем 8%: для частичной компенсации уровня инфляции в стране – в размере 6,5%; повышение за индивидуальные трудовые показатели за 2024 г. – в среднем 1,5%.

КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА

Штатная численность на 30.06.2025 г. составила 2 510 человек. В сравнении с 2024 годом численность персонала снизилась на 17 человек. В I полугодии принято 72 сотрудника, уволено 92 человека. Текучесть кадров составила 1,7% (42 сотрудника).

За полгода был издан 141 приказ о наложении дисциплинарных взысканий: строгих выговоров – 27; выговоров – 16; замечаний – 98. За профессионализм, многолетний добросовестный труд, за личный вклад в развитие завода, а также к праздникам 44 работника представлены к ведомственным наградам.

ПЕРСОНАЛ. ОБУЧЕНИЕ

За полгода проведено 6 004 обязательных вида обучения (безопасность и охрана труда, радиационная безопасность и защита, пожарно-технический минимум). Затраты на проведение обучения составили 45 млн 954 тыс. тенге. На обучение, повышение квалификации, подготовку и переподготовку работников затрачено 64 млн 910 тыс. тенге. В 2025 году пять студентов продолжили обучение необходимым заводским специальностям за счет средств предприятия в рамках программы «Жас маман». В программе дуального обучения участвовали 10 студентов, три студента состоят в резерве. На 2025 – 2027 гг. планируется новый набор по специальностям: автоматизация и управление, электроэнергетика.

На компьютерно-тренажерных комплексах обучен 431 оператор и машинист технологических установок. На сегодняшний день у АНПЗ есть 183 сценария внештатных ситуаций: 97 для ПАУ, 28 для ПГПН, 49 для ПГП и 9 для ППНГО. Средний результат обучения по производствам за отчетный период составил: ПАУ – 98%; ПГПН – 98%; ПГП – 97,5%; ППНГО – 97%.

СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫПЛАТЫ

В 2025 году предприятие увеличило расходы на социальную поддержку персонала на 13,5% по сравнению с 2024 годом. Связано с ростом рождаемости среди работников; с увеличением количества поданных заявлений на отдых в оздоровительных лагерях детей сотрудников; увеличением затраты на организацию питания работников.

ПЛАНЫ И ЗАДАЧИ НА 2025 ГОД

Профилактика несчастных случаев и повышение уровня культуры безопасности труда на заводе; глубина переработки – целевая задача 83,7% (факт за 7 мес. – 88,6%); снижение потребления технологического топлива и потерь нефтепродукта – целевая задача 10,3% (факт за 7 мес. – 10,9%); переработка нефти – целевая задача 5,4 млн тонн (факт за 7 мес. – 3,4 млн тонн); отгрузка нефтепродуктов – целевая задача 4,9 млн тонн (факт за 7 мес. – 3,0 млн тонн).

Ответы на вопросы, поступившие от коллектива, будут опубликованы в последующих номерах AMOZ Alemi.

Сцена объединяет

В филармонии имени Нурмухана Жантурина прошёл конкурс художественной самодельности среди работников АНПЗ. Заводчане вновь доказали: здесь не только создают топливо, но и зажигают сердца творчеством.

Традиция собирать заводскую семью на сцене живёт столько же, сколько и сам АНПЗ. И каждый год конкурс становится не просто праздником талантов, а настоящим символом единства. В этом году на сцену вышел 51 участник из 11 подразделений завода, выступив в четырёх номинациях – «Актёрское мастерство», «Танец», «Инструментальное исполнение» и «Вокал».

Особую атмосферу конкурсу придало то, что он был посвящён 80-летию АНПЗ. Многие коллективы постарались наполнить свои номера смыслом, связанным с историей и судьбой завода.

Член жюри, ведущий бухгалтер по учёту производства и реализации продукции Татьяна Калентьева поделилась впечатлениями:

– Конкурс был посвящён 80-летию завода. Было несколько хороших номеров, соответствующих заявленной теме. Жюри оценивает принадлежность к теме, костюмы, сценический образ, раскрытие идеи и, конечно, реакцию зала. Чтобы всё было объективно, в составе жюри был и представитель искусства, в этом году нам помогала руководитель арт-центра «Номад», режиссёр-постановщик и хореограф Айгерим Хожяева.

Ярким событием мероприятия стала сценка Центральной заводской лаборатории. История о двух рабочих, которых свела судьба на заводе, о создании семьи и династии заводчан тронула зрителей до глубины души. На экране – фотографии реальных заводских пар, на сцене – почти настоящая жизнь заводской семьи. Во время сценической свадьбы артисты



использовали обряд «шашу»: в зал полетели конфеты с карточками и добрыми пожеланиями.

Автор идеи и сценария, лаборант химического анализа Турсынгуль Жантлеуова, рассказала:

– Тема конкурса была связана с юбилеем завода, «80 жылға 80 үн». Я подумала: завод – это не только работа и шумные цеха, это место, где встречаются взгляды и рождается чувство. Здесь, среди металла и пробирок, звучит самая тихая, но сильная музыка – музыка любви. Все актёры, которые участвовали в сценке, сотрудники ЦЗЛ. В главной роли невесты сыграла моя младшая сестра, Рысгуль Жантлеуова, тоже лаборант ЦЗЛ. Жениха играл оператор технической установки ТАМЭ, член совета молодых специалистов Нуратхан Сагатжа-



по ремонту электрооборудования ЭЦ Кирилл Хван.

Зрителей также порадовали сценка ПИТН о ценности отношений между близкими людьми и осознанием своих ошибок, виртуозная игра на скрипке Жасканата Кемелхана и многие другие номера.

По итогам конкурса победителями стали: **Вокал** – 1 место Бекзат Базаров (КИПиА), 2 место Кудайберген Мұхтарұлы (ПКиС), 3 место Ахмет Мұхамбетжан (КИПиА); **Актёрское мастерство** – 1 место ЦЗЛ, 2 место ПИТН, 3 место Елдос Қойшибаев (ПКЦ); **Танец** – 1 место электроцех, 2 место ПТИЭЭ, 3 место ПИТН; **Инструментальное исполнение** – 1 место Әли-Ар Ұзақалиев, 2 место Жасқанат Кемелхан, 3 место Жасұлан Әлімбағыр. **Отдельные награды получили:** Асем Бектемирова – «Үздік сахналық образ», дуэт ЭЦ – «Жыл жаңалығы», Саябек Шиндаулов – «Көрермен көзіайымы», Тәни Кәримов – «Виртуоз орындаушы».

Председатель жюри, директор департамента по управлению персоналом и оплате труда Орынбасар Искалиев подчеркнул:

– Конкурс не только выявляет таланты, но и укрепляет корпоративный дух. На сцене видно, как завод объединяет людей – и это настоящая сила коллектива.

Мероприятие прошло в тёплой, дружеской атмосфере и оставило после себя приятные впечатления, вдохновение и чувство единства.

ЭКОЛОГИЯ

Тазалық пен тәртіп – басты бағдар

Былыр президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бүгінде жалпыұлттық бағдарламаға айналып үлгерді. Таза табиғатты «таза санадан» бастау керектігін «мес-седж» еткен бағдарламада Үкімет, бизнес және азаматтық қоғам үштігі күш біріктірген жағдайда ғана шын мәнінде нәтижеге жетуге болатыны белгілі. Бұл ретте биыл құрылғанына 80 жыл толған Атырау мұнай өңдеу зауыты үшін экологияны жақсартуға арналған қоғамдық шараларға үлес қосу қашан да стратегиялық маңызға ие міндеттердің санатында.

Осы орайда жуырда компания қызметкерлері «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы жобасы және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында Атырау облысы ішкі саясат басқармасының қолдауымен, «Инфо орталық» ҚБ ұйымдастыруымен өткен тазалық акциясына қатысты.

Жайық өзені жағалауын тұрмыстық қалдықтардан тазарту және тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруды мақсат еткен акция шеңберінде Атырау қаласының Жұмыскер шағын ауданындағы өзен жағасын қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді. Аталмыш шараға АМӨЗ-ден 20 қызметкер қатысып, 25 қап түрлі қоқыс шығарды. Шығарылған қоқыстар «Арнаулы автобаза» мекемесіне тапсырылды. Ал жалпылама акцияға 10-ға жуық компаниядан 150-ден астам адам атсалысты.

Айта кеткен жөн, Атырау мұнай өңдеу зауыты – кез келген тиімді экологиялық жобаға нәтиже бастамаға ашық. Мұны былырғы көрсеткіштерді есепке алмағанда, кәсіпорынның 2025 жылдың тамыз айына дейін қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарған жұмыс нәтижелерінен аңғаруға болады.

Мәселен, биыл зауыттың ұйымдастыруымен және қатысуымен 12 сенбілік өткізіліп, оған 600-ге жуық адам

қатысты. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі және Атырау облысы экология департаментімен экологтар күніне бірлесіп ұйымдастырылған «Таза Аймақ» республикалық сенбілігінің «Таза Қазақстан», «Таза жағалау», «Таза қала» акциялары аясында өткен қалалық сенбіліктерді, аптаның әр бейсенбі күні тұрақты түрде зауытта және зауытқа іргелес аумақтарда жасалатын «Таза бейсенбі» акциясын, акция аясындағы көгалдандыру және көшет отырғызу жұмыстарын, «Табиғат – біздің үйіміз, зауыт – біздің отбасымыз» атты экологиялық тимбилдингтерді атап өтуге болады. Сайып келгенде, қыс мезгілінен басқа уақытта әр апта сайын зауыт аумағы мен маңында сенбілік жүргізіледі.

Оған қоса, компания «Жер сағаты» атты жаһандық экологиялық акцияға да өз үнін қосты. Яғни, зауыттың негізгі ғимараттарында жарық бір сағатқа сөндірілді. Жаһандық климаттың өзгеруі мәселесіне әлемдік қауымдастықтың назарын аудару және адамдарды энергия мен басқа да табиғи ресурстарды үнемдеуге шақыруды көздейтін шара жылына бір рет өткізіледі.

Тұтастай алғанда, АМӨЗ қоршаған ортаны сақтауға және экологиялық жауапкершілікті дамытуға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастыра береді.

